

**З.А. Құламанова\*** 

филология ғылымдарының кандидаты, профессор  
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,  
Тараз қ., Қазақстан  
[ziba\\_asilmura@mail.ru](mailto:ziba_asilmura@mail.ru)

**Т. Жанкулов** 

философия ғылымдарының кандидаты, профессор  
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,  
Тараз қ., Қазақстан

**Г. Бектлеуова** 

құқықтану магистрі, аға оқытушы  
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,  
Тараз қ., Қазақстан

## ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ БІРЛІКТЕРДІҢ КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ ҚОЛДАНЫСЫ

**Аңдатпа.** Мақалада фразеологиялық бірліктердің көркем мәтіндегі қолданысы сөз етіледі. Тілімізде кездесетін қанатты сөздер, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, сентенциялық пайымды, ойлы, түйінді мысалдар, фразеологизмдер барлығы өзіндік белгілері, тіркес тиянақтылығы, тұрақтылығы т.б. орай тұрақты тіркестер болатыны анық. Мысалы, «аузымен құс тістеген», «аш кенедей жабысты», «аузын бағу», «қасқалдақтың қанындай», «іші жылу» және т.б. Ғалымдар фразеологиялық бірліктердің қолданылу жағдайлары мен әртүрлі түрленуін, сөйлеудегі және мәтіндегі өзгеріштігін де зерттейді. Мақалада негізінен қазақ фразеологизмдерінен даналық, өсиет, нақыл сөз түрінде келетін тіркестер де тілдік қолданыста көптеп кездесетіндігі қарастылады. Бұл зерттеулер фразеологизмдерді ұлттың дүниетанымдық, мәдени, тарихи, рухани, материалдық құндылықтарымен сабақтастыра зерттеуге ерекше мән беретіндігі анық. Көркем шығармалардағы кездесетін фразеологизмдердің мағыналық ерекшеліктеріне жасалған талдауда тілдегі адамдық фактордың жан-жақты қамтылуы байқалады. Ондағы адам бойында болатын жағымды-жағымсыз сезім әрекеттері, оның арқашан сөйлеу дағдысы, сол кейіпкердің жеке басының қасиеттері, қоғамдық ортадағы алатын әлеуметтік жағдайы, көңіл-күйі т.б. тілдегі бейнелі фразеологиялық (тұрақты) тіркестер арқылы жеткізіліп отырғандығына нақты мысалдар келірілген. Сондай-ақ фразеологизмдер туралы зерттеулерге шолу жасалады, фразеологизмдердің стильдік қызметтерін айқындау - автордың шығармашылық әдіс-тәсілдерінің ерекшеліктерін тереңірек ашуға, тілдің көркемдік құралдарын пайдаланудағы көркем бейнелер мен суреттерді дәл жасаудағы шеберлігін меңгеруге мүмкіндік беретіндігі талданады.

**Тірек сөздер:** фразеологизм, мәтін, стильдік қолданыс, идиом, фраза, талдау, зерттеу.

**Кіріспе.** Тіл біліміндегі «фразеология» термин сөзінің мағынасы кең. Яғни белгілі бір тілдегі тұрақты сөз тіркестерінің барлық түрлерінің жиынтығы деген ұғымды аңғартады. Бұл тілімізде қолданылатын жеке сөздермен бірге көптеген ерекше қалыптасқан сөз тіркестері мен сөйлемшелер бар. Сол сөз тіркестерінің екі немесе одан да көп компоненттері болады, бірақ сөз тіркестері өзара семантикалық бірлікте болып, бір ғана тұтас ұғымды білдіреді. Мысалы: «аузымен

құс тістеген», «бес биенің сабасындай», «шешен ұл тапқандай», «қол ұшын беру», «күйе жағу», «жер түбінде», «сағы сынды», «жер жастанды», «өзегі өртеніп», «емешегі езілу», «тандыры кеуіп», «көзге шыққан сүйелдей», «мал жанды», «құс ұйқы», «аузынан мәйегі төгілген» және т.б.

Бұл фразеологизмдердің барлығы да бұрыннан ел аузында қолданылып келе жатырған тілдік бірлік көпшілікке түсінікті. Мұнда айтылар ойы, мағынасы анық, білгілі

бір грамматикалық байланыстары бір бүтін единица ретінде қолданылатын тұрақты сөз тіркестерін фразеологизмдер не болмаса фразеологиялық орам деп те атап жүрміз. Жалпы тілімізде фразеологизмдердің өзіне тән лайықты негізгі қасиеттері болады. Яғни нақтылап айтсақ, фразеологизмдер кемінде екі сөзден құралады және олардың мағына бірліктігі сақталып отырады. Сондай-ақ дайын күйінде жұмсалып, жалпыға танылған тілдік қолдану заңдылығы болады. «Қазақ халқының дәстүрлі шешендік сөз өнерінің алтын тұғыры болған мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер, бейнелі тұрақты метафоралар қай кезде болмасын басқа жұртты таң қалдырған» [1,18].

Мәселен, «Таудағы тарлан шұбармын – ел мүддесін көксеген ермін деген мағынада; «текені әке, ешкіні шеше егіп – жарымсақтанды, жағымпазданды деген мағынада; «теке сақал – иекке ғана біткен шокша сақал; «теке сасыды – жасы келгенше үйленбеген адам жайлы; «теке тірес – қатты ерегіскенде айтылады; «тел қозыдай – жұп жазбай бірге өмір сүрді; «торғайдай тозды – жан-жаққа бет-бетімен бытырап, қаңғып кетті; «тойған қозыдай – өте әдепті, артық қылығы жоқ, жуас; «тоқал ешкідей қылды – жатысынып, жатырқап, бөтенсіп, жамансып, бәрі түртпекке алды деген мағынада және т.б.

Тіліміздегі идиом, фраза, мақал-мәтелдер алдымен халықтың ауызекі сөйлеу тілі негізінде қолданылып қалыптасқан. Мысалы: «іннен шыққан суырдай – ұсқұны кетіп, сүйретіліп тұрған кісіге айтылады; «іштен шыққан шұбар жылан» – қанша дегенмен, «жаман» дегенмен өз қарнынан шыққан, өзінен туған перзент деген мағынада; «іші ит жалағандай болды» – қарны ашып, өзегі талды; «іші ит жыртқандай» - іші әлем – жәлем, у дай ашыды; «ішін иттей кемірді» – жегідей жеді, мазасын алды және т.б. Сол себепті де фразеологизмдер адам болмысының, тұрмысының, өмір тануының барлық жағын қамтиды ара қатынасын білдіреді. Олар ішкі мазмұны, берер мәні мен мағынасы жағынан өте бай болып келеді.

Осыған орай, бұл мақалада көркем мәтінде кездесетін фразеологиялық бірліктердің қолданысы туралы сөз етіледі.

Жазушының көркем шығармасының фразеологиялық бірліктерін талдау, негізінен мынадай мақсаттарды көздейді:

- белгілі бір жазушының қолданған фразеологиялық бірліктерінің құрамына талдау жасау;

- автордың осы материалды қалай және қандай көркемдік шығармашылықпен қолданатынын, оны түрлендіріп, бір стильдік формадан екіншісіне ауыстыратынын көрсету болып табылады. Сондықтан да фразеологизмдердің стильдік қызметтерін айқындау автордың шығармашылық әдіс-тәсілдерінің ерекшеліктерін тереңірек ашуға, тілдің көркемдік құралдарын пайдаланудағы көркем бейнелер мен суреттерді дәл жасаудағы шеберлігін меңгеруге мүмкіндік береді.

Мәселен, көркем мәтіндерде кездесетін «шегіркенің айғырындай» – кіп-кішкене болып алып, қыдындап ақылсынатын адам туралы; «көлінен құсы ұшты» – сәні, құты кетті деген мағынада; «көңіл құсы» – арман, қиял деген мағынада; «көңіл құсы ұшты» – ой, қиялдың күйкылжуы туралы айтылады; «көп ит – ойсыз, соқыр көңіл иелері деген мағынада; «көрмес түйені де көрмес – көп нәрсені әдейі байқамайды, көзге ілмейді және т.б. Сол көркем мәтінде қолданылған фразеологизмдер кейін тіліміздегі қанатты сөздерге айналуы мүмкін. Сондықтан да қаламгердің сөз саптауындағы тілдік фразеологиялық бірліктердің жаңашылдығын зерделеудің маңыздылығы зор. Бұл әрбір жазушының көркем шығармаларындағы фразеологиялық бірліктерді әр түрлі көзқарастар мен контекстерде қолдану ерекшеліктерін талдай отырып, алдымызда мынадай мәселелер туындайды. Жазушы шығармалары мен кейде ауыекі сөйлеу тілінде көп кездесетін фразеологиялық бірліктің жеке сөздерден және басқа лексикалық және синтаксистік құрылымдардан айырмашылығы неде? Сонда-

ақ жазушы шығармаларындағы қандай лексикалық бірлікті біз фразеологиялық бірлік ретінде танимыз және оның құрамындағы компоненттердің арасында қандай байланыстың бар екендігін анықтаймыз? Міне, осындай сұрақтарға жауап бере отырып, біз көркем шығармалардағы фразеологизмдерді талдауда түркі тіліндегі еңбектерінде келтірілген теориялық негіздерге сүйенеміз.

**Зерттеу жұмысының әдіс-тәсілдері.** Көркем мәтіндегі фразеологизмдердің қолданысын жан-жақты зерттеу барысында сипаттама, салғастырмалы т.б. әдістер мен жинақтау, жүйелеу, талдау, түсіндіру тәсілдері тиімді қолданылады.

**Зерттеу шарттары мен әдістері.** Қазіргі уақытта фразеологизмдердің тіл білімінің маңызды тарауларының бірі ретінде дамуы, тіліміздегі фактілерді жүйелік және когнитивтік танымдық тұрғыдан талдаудың жүйелік-деңгейлік идеялары негізінде фразеологизмдердің нысандары мен оны зерттеудің фразеологиялық әдістерінің дамуымен де сипатталады.

Жалпы тіл қолданысындағы, соның ішінде көркем шығармалардағы фразеологиялық бірліктердің семантикасына, оның номинативті аспектісіне, динамикасындағы сөз тіркесінің жасалуына, сөздердің – компоненттердің үйлесімділік белгісіне, фразеологиялық құрамды салыстырмалы-типологиялық тұрғыдан зерттеуге, сондай-ақ фразеологиялық бірліктерге сипаттама жасауға лингвист, филолог ғалымдар тарапынан ерекше көңіл бөлінеді.

Соңғы жылдары тіл мен мәдениеттің, тіл мен этностың арақатынасы мәселелеріне деген қызығушылық едәуір артып отыр. Сол себепті белгілі бір ұлттың дүниесінің тілдік бейнесін зерттеу жұмыстары жандана түсті. Сонымен қатар туыстас және туыс емес тілдердің фразеологизмдерін салыстырмалы түрде зерттеуге арналған зерттеулердің өзектілігі де бүгінде кем емес. Дей тұрғанменен қазақ тіл біліміндегі фразеологизмдердің жазушылардың көркем шығармаларындағы қолданысы

жан-жақты зерттелгені орынды. Өйткені әрбір жазушының өзіндік стилі, тілдік қолданысы, өзіндік тіл шеберлігі т.т. бар.

Тіл қоғамдық құбылыс. Сол тілдің қоғамдағы шығарма кейіпкерлерінің әр қилы тағдыры, бейнесі, өмірдегі орны, тұрмысы, оқиға т.б. мәселелерге қатысты тілдің көркемдегіш құралдары пайдаланылады. Сонымен қатар тілдегі фразеологизмдердің де қолданысында оның қыры мен сыры ашыла түсетіні анық.

Фразеология тіл білімінде дербес тілдік пән ретінде ХХ ғасырдың 40-жылдарында пайда болды. Фразеологизмдер теориясының алғы шарттары А.А.Потебняның еңбектерінде белгіленді [2].

Фразеологизмдердің дамуына француз лингвисті Ш.Балли [3] идеялары әсер етті. Фразеологизмдерді зерттеуге бір жағынан лексикографиялық тәжірибе түрткі болса, екінші жағынан В.В.Виноградовтың [4] еңбектері фразеологизмдердің негізгі ұғымдары, оның қолданылу аясы мен міндеттері туралы сұрақтар көтерілді. Өткен ғасырдың 50-жылдарында фразеологиялық бірліктердің сөзбен немесе сөз тіркесімен ұқсастығы мен айырмашылығына басты назар аударылды, т.б. фразеологизмдердің мәселелері, негізінен, фразеологизмдердің критерийлерін нақтылау және фразеологиялық бірліктерді жіктеудің негіздерін нақтылау арқылы сарқылды. 50-ші жылдардың аяғынан бастап фразеологизм мәселелеріне жүйелі көзқарас тенденциясы байқалып, фразеологиялық бірліктерді тілдің құрылымдық бірлігі ретінде сипаттауға қатысты мәселелер ғалымдар еңбектерінде дамып отырды.

Қазіргі қазақ тіліндегі фразеологизмдер мәселесі зерттеу нысаны бойынша нақты айқындаған, ғылыми іргелі пәнге айналды. Тіліміздегі фразеологизмдерді зерттеу шетел және отандық тіл мамандарының ғылыми зерттеулерімен қатар жүрді. Фразеологизмдер негізінен көптеген ғылыми зерттеудің нысаны бола отырып дамыды. Сондай-ақ соңғы

жылдары фразеологияны зерттеп, ғылыми еңбектері жарық көрген біраз ғалымдар тобы бар. Мысалы, көрнекті ғалымдарымыз - Н.Сауранбаев, Ә.Қайдар, Ө.Айтбаев, С.Қ.Кеңесбаев, Ғ.Х.Ахатов, Е.Н.Жанпейісов, Н.Уәлиұлы, Х.Қожахметова, Р.Е.Жайсанова, Г.Смағұлова, С.Сәтенова, Р.Авакова, А. Нұрмаханов, Е.Бектұрғанов, Г.Сағидолдақызы т.б. еңбектері бар. Осы іргелі зерттеулер нәтижелерінен тың тұжырымдар жасалып, мол нәтижелерге қол жеткізді.

Тілімізде кездесетін қанатты сөздер, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, сентенциялық пайымды, ойлы, түйінді мысалдар, фразеологизмдер барлығы өзіндік белгілері, тіркес тиянақтылығы, тұрақтылы т.б. орай тұрақты тіркестер болатыны анық. Мысалы, «аузымен құс тістеген», «аш күзендей бүгілді», «үкідей ұша» «қойнынан бөзі, аузынан сөзі», «Бес күндік қонақ», «іш тартты», «түтінін түзу шығарып» «бал сорған арадай», «ер мойнында қал арқан шірімес», «көз байланды-ау», «аузы алты қарыс» және т.б.

Жалпы көркем мәтіндерде кездесетін тұрақты тіркестер де талданып, өзіндік біраз зерттеу еңбектер де баршылық. Ал кейінгі жылдары фразеологияны зерттеудің аспектілері – танымдық бағыттағы когнитивтік лингвистика және лингвомәдениеттану бағытында зерттеліп жүргендігін. Мұнда тілдің жаңа қырлары танылып, қазақ тілі фразеологизмдерінің лингвистикалық парадигмалары кеңінен айқындалып жатыр.

**Зерттеу нәтижелері.** Әдебиет саласындағы көркем әдебиеттің таңдаулы сөз өнері және өте күрделі жанр екендігі белгілі. Мұнда жазушының танымдық қабілеті мен білімі, айнала қоршаған ортасы, асқан қаламгерлік стиль даралығы, сонымен қатар өмір сүріп отырған қоғамы сияқты факторлар әсер етеді.

Жазушының шығармашылық идеясы, жазу үдерісінің нәтижесі көркем мәтін болып саналады. Жазылған көркем шығарманың танымдық, нақты эмоциялық, ақпараттық, эстетикалық, тұжырымдамалық қасиеттері мен

белгілері болады. Осы күнгі лингвистикадағы зерттеулердің көпшілігі антропоэзектік парадигма - «адам», «тіл», «мәдениетті» негізгі басшылыққа ала отырып, жаңа тың зерттеу бағыттарын дамытып, қалыптастыруда. Міне, сол бағыттағы өзекті мәселелердің бірі – қазақ тілдеріндегі фразеологизмдер, олардың этномәдени семантикалық қырлары мен қолданысы да болып табылады.

Тіліміздегі фразеологиялық бірліктерді стилдік қолданыс тұрғысынан зерттеу аспектісі тілші ғалымдардың назарын бұрыннан аударып келеді. Әрине, фразеологиялық бірліктердің пайда болу жолдары туралы сұраққа жауап беретін сөз тіркесі мен фразеологиялық бірліктердің семантикасы туралы еңбектер лексикалық үйлесімділік мәселесін қозғамай тұра алмайды.

**Зерттеу нәтижелерін талқылау.** Көрнекті ғалым Г.Смағұлованың 2020 жылы «Елтаным» баспасынан жарық көрген «Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда» атты монографиясында «Фразеологизмдердің қалыптасу үдерісі мынадай когнитивтік үлгіде жүзеге асырылады: денотат (құбылыс, оқиға, дерек және т.б.) → мазмұн → бейне → сигнификат (басты белгілері мен сипаттарының жиынтығы) → сөз тіркесі → фразеологизм. Аталған когнитивтік үлгі жан-жақты кеңінен түсінікті етіп талдауды қажет етеді, - дейді [1, 36].

Тілдік қолданыста мейлі ол көркем шығармада болсын, немесе ауыекі сөйлеу тілінде болсын фразеологиялық бірліктер олардың мән-мағынасын аңғартатын образ, бейнелілік негізінде қалыптасып дамиды. Былайша айтқанда, тұрақты тіркестің мағынасындағы ішкі «тасаланған бейне» оның формасы, ал фразеологизмдердің ішкі формасы ономазиологиялық аспектіде тұрақты тіркес семантикасының ең негізгі компоненті болып саналады. Ал айтылған ішкі форма сол тұрақты тіркес (фразеологизм) мағынасының негізгі тірегі қызметінде жұмсалады.

Фразеологизм, яғни тіліміздегі тұрақты тіркестер номинативті және коннотативті

қызмет атқаратын тілдік бірлік екені анық. Ал сол қолданыстағы әрбір фразеологизмнің формасымен денотат (атау) арасында қалыптасқан ассоциативтік бейне. Берілген тұрақты тіркес арқылы ассоциативтік бейненің қалай жасалып, пайда болатындығын фразеологизмнің этномәдени семантикасын жан-жақты талдап, зерттеу негізінде ұғынамыз, түсінеміз.

Фразеологизмдердің лексикологиямен, сөзжасаммен, синтаксиспен жымдасуы қазақ фразеологизмдерінің кемелдену дәуіріне аяқ басқандығын және лингвистикалық білім саласы ретінде толық қалыптасып, дүние бейнесінің когнитивтік тұрғыдан жүйелі түрде бейнеленуін түсінуге елеулі үлес қосқанын аңғартады.

Соңғы жылдардағы фразеологиялық жүйелерді зерттеуге арналған еңбектерде мағыналық ұқсастығы бойынша іріктеліп алынған фразеологиялық бірліктер топтарына сипаттама берілген. Осы орайда Г.Смағұлованың еңбектері қызығушылық тудырады.

Сондықтан да болар бүгінгі таңда тілтану ғылымында тілді тек коммуникативті, когнитивті қызметі аясында, сонымен қатар жеке этнолингвомәдени коды ретінде қарастыруға деген қызығушылық пен талпыныстың күннен-күнге артып келе жатқаны белгілі.

Бұл туралы Г.Смағұлова «когнитивтік жүйе – индивидуальді өмірлік тәжірибе, яғни адамның танымдық тәжірибесін бейнелейтін оның білімі мен ой-пікірлерінің жүйесі. Тіл адамдардың іс-әрекетінен тыс дамымайды, адамды тілі арқылы тану, білу, зерделеу оның этноментальдық өмірінен толық ақпарат береді» дейді [1,56].

Ғалымдар фразеологиялық бірліктердің қолданылу жағдайлары мен әртүрлі түрленуін, сөйлеудегі және мәтіндегі өзгергіштігін де зерттейді. Негізінен қазақ фразеологизмдерінен даналық, өсиет, нақыл сөз түрінде келетін тіркестер де көптеп кездеседі. Мәселен, «Аяз би әлінді біл, құмырсқа

жолынды біл»; «әлін білмеген әлек»; «өзін білме, білгеннің тілін алма» т.с.с, ұйқас арқылы жасалып, стильдік те қызметтерді атқарады. «Ашуы жауған қардай, шөккен нардай»; «ақылы балқаш, ашуы дүлей, көз көрмес, құлақ естімес жер»; «аяқты аяғымен, шанақты шанағымен жалмады»; «көппен көрген ұлы той» деген осы сияқты тіліміздегі қолданыстағы фразеологизмдердің әрқайсысының өз бояуы, өз сыры бар.

Ұлттық тіл - бүгінгі күні қазақ зайырлы қоғамында халықтың ұлттық бірлігі сақталып, рухани жаңғыруы мен дамуының негізгі бірден-бір тірегі болып табылады. Осы тұста көркем шығармалардағы фразеологизмдерді зерделеу арқылы ұлттың тұтас менталдық келбеті көрінетіндігі аңғарылады. Мұнда ұлттық тілдің өзіне тән этномәдени ерекшелігін, байлығын, қорын, болмысын ашу, тілдің тек ғана коммуникативтік сөйлеу құралы емес, сол тілде сөйлеуші халықтың тарихымен, дәстүрімен, ой-санасымен, дүниетанымымен терең байланысты екендігін зерделеу болып саналады.

Көркем шығармалардағы кездесетін фразеологизмдердің мағыналық ерекшеліктеріне үңіле талдасақ, онда тілдегі адамдық фактордың жан-жақты қамтылуы байқалады. Ондағы адам бойында болатын жағымды-жағымсыз сезім әрекеттері, оның әрқашан сөйлеу дағдысы, сол кейпкердің жеке басының қасиеттері, қоғамдық ортадағы алатын әлеуметтік жағдайы, көңіл-күйі т.б. тілдегі бейнелі фразеологиялық (тұрақты) тіркестер арқылы жеткізіліп отырған.

Мәселен, Айылын жияр емес, «келсең – кел!» деп тұр. Аңшы әуеліде жүрегі су ете қалса да сасқалақтаған жоқ әбиір болса да. [5, 25]. «Апыр-ай, бөрінің бөлтірігі әкесіндей жүрек жұтқан болар-ау», - деп тіксініп қалды, еріксіз еңкейіп, қолын ұсына беріп еді, бала көзінен шоқ шашырағандай тағы бір қарады да бұрылып кетті. [5, 29]. Болыс бағана «ер мойнында қал арқан шірімес» деп еді. [5, 32]. Күрең қасқадағы Мақаш палуан көкпарды қатарынан екі рет апарып салғанда Тұқымбай

түтігіп, сақалын жұлып жер сабалады. [5, 36]. Ал, Енді әкесінің Қызыл Жебеге мініп отырғандағы келбетін көріп Тұрардың төбесі көкке жеткендей, аспандағы жұлдызды қолмен ұстап тұрғандай болды. [5,38]. Келтірілген мысалдардағы «айылын жияр емес», «жүрек жұтқан», «ер мойнында қал арқан шірімес», «сақалын жұлып жер сабалады», «төбесі көкке жеткендей» деген фразеологизмдер сөйлеу әрекетінің әрқашан да мәнді бірлігі болып табылады.

**Қорытынды.** Фразеологизмдердің шығармадағы қолданыстарын айқындау автордың шығармашылық әдіс-тәсілдерінің ерекшеліктерін терең ашуға, тілдің көркемдегіш құралдарын пайдалану барысындағы көркем образдарды, бейнелі суреттеулерді нақты айнытпай жасаудағы жазушының тіл шеберлігін көрсетеді. Біз бұны келтірілген мысалдардан аңғарамыз. Ал жазушының көркем шығармасында

қолданылған кейбір фразеологизмдер тілімізде қанатты сөздерге айналған. Тіліміздегі фразеологизмдердің семантикасындағы эмотивті компонент, бағалау компоненті, нақты фразеологизмнің ішкі астарлы формасы, бейнелілік, сондай-ақ фразеологизм семантикасын ашудағы аялық білім, оның мағына тұтастығы мен тиянақтылығы, тұрақтылығы когнитивтік, этнолингвистикалық, лингвомәдениеттанымдық, психоллингвистикалық т.б. зерттеулер бағытында да қарастырылып жүр. Бұл зерттеулер фразеологизмдерді ұлттың дүниетанымдық, мәдени, тарихи, рухани, материалдық құндылықтарымен сабақтастыра зерттеуге ерекше мән беретіндігі анық.

Бұл мақалада біршама бай, мақсатты түрде жүйеленген, ғылыми деректі тілдік материал қамтылғанын, ол белгілі бір мағынада қазақ тілінің фразеологизмі саласындағы одан әрі зерттеудің айқын аспектілерін береді.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Смағұлова, Г. Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда [Мәтін]: монография / Г.Смағұлова. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2020. – 256 б.
2. Потенция, А. А. Мысль и язык [Текст] / А.А. Потенция. – Москва : Директ-Медиа, 2012. – 395 с.
3. Балли Ш. Теория фразеологии [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://inyaz.bobrodobro.ru/8749> Дата обращения: 30.12.2023
4. Виноградов, В.В. Изучение русского литературного языка за последнее десятилетие в СССР [Текст] / В.В. Виноградов. - М., 1955.
5. Мұртаза, Ш. Қызыл жебе [Мәтін] / Ш. Мұртаза. - Алматы: Дария Дамыту Орталығы. 2021. - 256 б.
6. Кеңесбаева, І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі [Мәтін] / І. Кеңесбаева. - Алматы: Ғылым, 1977. – 712 б.

*Материал редакцияға 24.02.24 түсті.*

**З. Куламанова, Т.Жанкулов, Г.Бектлеуова**

*Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан*

#### УПОТРЕБЛЕНИЕ ФРАЗЕОЛОГИЧЕСКИХ ЕДИНИЦ В ХУДОЖЕСТВЕННОМ ТЕКСТЕ

**Аннотация.** В статье рассматривается использование фразеологизмов в художественном тексте. Очевидно, что афоризмы, пословицы, мудрые слова, сентенционные рассуждения, вдумчивые, ключевые примеры, фразеологизмы, встречающиеся в нашем языке, являются постоянными фразами, имеющими свои особенности, словосочетания, константы и т.д. Например, «аузымен құс тістеген», «аш кенедей жабысты», «аузын бағу», «қасқалдақтың қанындай», «іші жылу» и т.д. Ученые также изучают случаи и различные вариации использования фразеологизмов, изменчивость речи и текста. В статье подчеркивается, что в языковом обиходе часто встречаются выражения, в основном из казахской фразеологии в виде мудрости, Завета, пословицы. Очевидно, что эти исследования придают особое значение изучению фразеологизмов в сочетании с мировоззренческими, культурными, историческими, духовными, материальными ценностями нации. В анализе смысловых особенностей фразеологизмов, встречающихся в художественных произведениях, прослеживается

всесторонний охват человеческого фактора в языке. В нем приводятся конкретные примеры того, что позитивно-негативные чувственные действия, происходящие у человека, его всегда речевые навыки, личностные качества этого героя, социальное положение в общественной среде, настроение и т.д. выражаются образными фразеологическими (постоянными) фразами в языке. Также дается обзор исследований по фразеологизмам, анализируется, что определение стиливых функций фразеологизмов - позволяет глубже раскрыть особенности творческих приемов автора, овладеть навыками точного создания художественных образов и образов при использовании художественных средств языка.

**Ключевые слова:** фразеология, текст, стилистическое употребление, идиома, словосочетание, анализ, исследование.

**Z. Kulamanova, T. Zhankulov, G. Bektleuova**

*M.Kh.Dulaty Taraz Regional University, Taraz, Kazakhstan*

### USE OF PHRASEOLOGICAL UNITS IN ARTISTIC TEXT

**Abstract.** The article discusses the use of phraseological units in a literary text. It is obvious that the winged words, Proverbs, sayings, sentimental reasoning, thoughtful, key examples, phraseologisms found in our language are all stable expressions due to their own characteristics, thoroughness of the phrase, constancy, etc. Scientists also study the conditions of Use and different transformations of phraseological units, their variability in speech and text. The article discusses the fact that phrases that come mainly from Kazakh phraseology in the form of wisdom, testament, proverbs are also widely used in language use. It is obvious that these studies attach special importance to the study of phraseology in conjunction with the worldview, cultural, historical, spiritual, material values of the nation. In the analysis of the semantic features of phraseology found in works of art, there is a comprehensive coverage of the human factor in the language. There are specific examples of positive and negative emotions that occur in a person, his speech skills, personal qualities of this character, social status in the public environment, mood, etc. are conveyed by figurative phraseological (stable) phrases in the language. A review of research on phraseology is also carried out, it is analyzed whether the definition of the stylistic functions of phraseology allows us to more deeply reveal the features of the author's creative methods, master the skill of accurate creation of artistic images and images using the artistic means of the language.

**Key words:** phraseology, text, stylistic use, idiom, phrase, analysis, research.

### References

1. Smagulova, G. Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда [Kazakh phraseology in linguistic paradigms]: monograph. - Almaty: "Eltanym publishing house", 2020. – 256 p. [in Kazakh]
2. Potebnya, A. A. Mysl' i yazyk [Mind and language]. – М.: Directorate-media, 2012. -395 p. [in Russian]
3. Bally Sh. Teoriya frazeologii [Theory of phraseology] [electronic resource]. – access mode: <https://inyaz.bobrodobro.ru/8749> Date of application: 30.12.2023 [in Russian]
4. Vinogradov, V. V. Izuchenie russkogo literaturnogo yazyka za poslednee desyatiletie v SSSR [Study of the Russian literary language for the last decade in the USSR] [text] / V. V. Vinogradov.- Moscow, 1955. [in Russian]
5. Murtaza, Sh. Қызыл зшебе [Red Arrow] [text] / Sh.Murtaza. - Almaty: Daria Development Center, 2021. - 256 p. [in Kazakh]
- 6.. Kenesbaeva, I. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі [Phraseological Dictionary of the Kazakh language] [text] / Kenesbaeva I. - Almaty: Gylym, 1977. - 712 p. [in Kazakh]

**Мақалаға сілтеме:**

*Құламанова, Т.З. Фразеологиялық бірліктердің көркем мәтіндегі қолданысы [Мәтін] / Т.З. Құламанова, Т. Жанкулов, Г. Бектлеуов // Dulaty University Хабаршысы. – 2024. - №1. – Б. 32-38. <https://doi.org/10.55956/ENPF8503>*